




Белиспаева Жулдыз Кураловна, тарих пәнінің мұғалімі
Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің
"Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мұражайдағы сабақ: мұражай ресурстары пайдаланылған оқу сабағының әдістемелік әзірлемесі




Пәні	Өлкетану. Қазақстан тарихы.
Педагогтің Т.А.Ә.	Белиспаева Жулдыз Кураловна
Күні:	
Пәні:	Қатысушылар саны: 24 Қатыспағандар саны: 0
Сынып:	7А
Сабақтың тақырыбы	«Менің мектебімнің тарихы»
Сабақтың мақсаттары	- мектептің даму тарихын оның қалыптасу кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейін зерделеу; - мектеп мұражайындағы материалдарды зерттеу және талдау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту; - мұражай жәдігерлері, экспонаттары мен ресурстарына құрметпен қарау, олардың тарихи маңыздылығын бағалау.
Зерттеу сұрағы:	«Қалдырған ізің мәңгілік, жадымда тұрар жаңғырып...» өлең астарында не жатыр?

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар												
<p>Сабақтың басы 3 мин</p>	<p>1.1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. 1.2. «Ассоциациялар» әдісі. Мақсаты: сабақта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру және жағымды эмоцияларды тудыру. МЕКТЕП сөзіне қатысты ассоциациялар жаз.</p> <table border="1" data-bbox="389 552 1115 628"> <tr> <td>М</td> <td>Е</td> <td>К</td> <td>Т</td> <td>Е</td> <td>П</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	М	Е	К	Т	Е	П							<p>«МЕКТЕП» сөзіне қатысты ассоциацияларын жазады, сөздер осы сөздің әріптерінен басталуы керек</p>	<p>Мұғалімнің кері байланысы</p>	<p>Тақта, түрлі-түсті стикерлер</p>
М	Е	К	Т	Е	П											
<p>Сабақтың ортасы 7 мин</p>	<p>2.1. Тарихи дерекпен жұмыс. Мәтінмен жұмыс. «Түртіп алу» әдісі. Оқушыларға мектептің ашылуы туралы жазылған газет мақаласы ұсынылады және мақаланың көшірмесі жасалған мәтін таратылады.</p>  <p>2.2. «Wordwall.net» ресурсы арқылы мәтінмен жасалған жұмысты пысықтау. «Ақиқат/жалған» тапсырмасы.</p>	<p>Оқушылар газет мақаласымен танысады, мәтін көшірмесімен жұмыс жасайды, керекті ақпараттың астын сызып отырады.</p> <p>Оқушылар «.Wordwall.net» ресурсынан ашылған тапсырманы планшет арқылы жеке орындайды</p>	<p>Ресурс ішінде бағалау</p>	<p>Қосымша 1 Шахтерский маяк, №38 (1050), 14.09.1990 ж.</p> <p>https://wordwall.net/ru/resource/36946386/%</p>												

<p>9 мин</p>	 <p>2.3. «Мектептен лицейге дейін» Мектеп директоры Есмаганбетов А.М. сұхбаттасу. - «Құрметті оқушылар бүгін сабаққа мектебіміздің директоры Арарат Мылтыкбаевич Есмаганбетов келіп отыр. Сіздерді 1991-2022 жылдар аралығында мектеп директоры қызметін атқарған тұлғалармен таныстырады, сіздердің сұрақтарыңызға да жауап береді»</p> <ul style="list-style-type: none"> - Шахтинск қаласындағы алғашқы қазақ мектебі қашан ашылды, мектебіміздің ашылуы тарихы жайлы айтып өтсеңіз - Онда кімдер оқыды және кімдер ұстаз болды? - Алғашқы мектеп пен қазіргі мектептің айырмашылығы қандай деп ойлайсыз? - Қазіргі жас оқушыларға айтар ақыл-тілегіңіз? 	<p>Оқушылар мектеп директорымен сұхбаттасады, сұрақтар қояды, мұражайдағы мектеп директорлары туралы ақпараттарды зерделейді</p>	<p>Оқушыларды мадақтау</p>	<p>Қосымша 2</p> <p>https://jamboard.google.com/d/16bMc7jn7NFq3Bs3comZgmeIQ1kxeGvAWvKCVrTtox8s/edit?usp=sharing</p>
<p>7 мин</p>	<p>2.4. «Барлығы мұғалімнен басталады» Оқушыларға мектепте қызмет еткен мұғалімдер туралы ресурстар таратылады (фото-суреттер, журналдар, естелік альбом, мақалалар, газет беттері) <i>1991 ж. № 15 орта мектепте қазақ тілінде оқитын 1-сынып ашылып, 15 оқушы қабылданды. Бұл - ең бірінші қазақ сыныптарының бірі еді. Оның ең бірінші мұғалімі – Қуатова Айтаңсық Жабатаевна болды.</i> <i>1992 ж. - № 5 мектеп гимназияда 1 сынып, 14 оқушы. № 6 орта мектепте 1 сынып, 12 оқушы. № 15 орта мектепте 2 сынып, 31 оқушы қабылданып, қазақ сыныптары ашыла бастады.</i></p>	<p>Оқушылар мұражай ресурстарындағы мектепте еңбек еткен ұстаздар туралы ақпараттарды зерделейді (мәтін, фото-сурет). jamboard тақтасына ұстаздар туралы мақал-мәтел жазады.</p>	<p>Оқушыларды мадақтау</p>	

<p>7 мин</p>	<p><i>1993 жылы сол кездегі Шахтинск қаласы білім бөлімінің басшысы- Айбекова Тұрғын Жаппарқызының белсене араласуымен, болашақ қазақ мектебіне деп «Снегурочка» балабақшасын босатып берді. Аталған балабақшада бар - жоғы 9-ақ қазақ сыныптары болды. Оның өзінде тек 1-сыныптан бастап 3- сыныпқа дейінгі бастауыш сыныптары қамтылды. Ол жерде білім 3 жылдық болатын. Мектеп ашылған кезде «Бастауыш қазақ мектебі» деп аталып, директоры болып білікті ұстаз-Қуатова Айтаңсық Жабатаевна тағайындалды.</i></p> <p><i>1994 ж. - № 16 бастауыш қазақ мектебі ашылып, 8 сыныпта 174 оқушы оқыды.</i></p> <p><i>1995 ж. - № 16 бастауыш қазақ мектебіне Шахтинск қалалық білім бөлімінде әдіскер болып қызмет атқарып жүрген маман Зейнеп Абылаевна Ахметова директор болып келді. Зейнеп Абылаевна 1995-1997 жылдар аралығында директорлық қызмет атқарды. Сол кезде қазақ сыныптарына сабақ беретін мұғалімдерінің саны -15, оқушылардың саны бар -жоғы 289 болды</i></p> <p>2.5. Біздің түлектер- біздің мақтанышымыз! Мұражайда мектепте тәлім алған түлектердің жетістіктері туралы толық мәлімет көрсетілген. «Мектеп түлектері» естелік альбомын көрсету. Болашақ мамандықты таңдауға бағыт-бағдар беру мақсатында, бүгінде түрлі мамандықтар иесі болып табылған түлектердің түсірген бейне-ролигін көрсету.</p> <p>2.6. Мектептің жетістіктері. Оқушыларға мектептің жетістіктері туралы ақпараттар, ресурстар ұсынылады.</p>	<p>Оқушылар мектептен түлеп ұшқан түлектері туралы, оның ішінде «Алтын белгі» иегерлері туралы ақпарат алады.</p> <p>Бейне-ролик тамашалайды.</p> <p>Оқушылар мектептің жетістіктері туралы ақпараттарды зерделейді. Сұрақтарға жауап береді, өз көзқарастарын білдіреді</p>	<p>Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру</p>	<p>Бейне-ролик</p>
---------------------	--	--	---	--------------------

<p>7 мин</p>	 <p>- Біздің мектептің қандай жетістіктері бар екен? - Бұл жетістіктерге қалай қол жеткізіп отырмыз? - Жетістікке қол жеткізу үшін оқушылар не істеу керек? - Сендер қандай үлес қостыңдар? - Болашақта кім ұстаз болғысы келеді?</p>			
<p>Сабақтың аяғы 5 мин</p>	<p>3.1. «Бір ауыз сөз» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында мұражай бөлмесіне қағазға жазылған сөздерді іліп қояды, оқушылар алған білімдеріне қарай сол сөздердің қасына барып тұрады, оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын айтады. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Түімділігі: Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.</p> <p>Еркін тапсырма. «Менің мектебімнің болашағы» деген тақырыпқа эссе жаз «Менің мектебімнің тарихы» жылнамасын құрастыр</p>	<p>Жеке жұмыс: Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б.</p> <p>Оқушылар берілген тапсырмалардың біреуін тандап орындайды.</p>	<p>Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай ынталандыру үшін «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.</p>	 

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ШАХТЕРСКИЙ маяк

ГАЗЕТА ТРУДОВОГО КОЛЛЕКТИВА ОРДЕНА ТРУДОВОГО КРАСНОГО ЗНАМЕНИ
ШАХТЫ ИМЕНИ В. И. ЛЕНИНА ОБЪЕДИНЕНИЯ «КАРАГАНДАУГОЛЬ».

Выходит один раз
в неделю
Издается с июля 1973 г.

№ 38 (1050) | Пятница, 14 сентября 1990 г. | Цена 2 коп.

РЕПОРТАЖ

Наша газета преимущественно рассказывает о
горняках шахты, их проблемах и достижениях. О ра-
ботниках же шахты, а их на предприятии более
600, вспоминаем, в основном, один раз в году — в
большинство заслуженное уважение и
авторитет.
Спрашиваю о пробле-
мах. Анна Семеновна вы-
делила одну, по ее мне-



Алғашқы басшылар туралы мәліметтер



1993-1995 №16 бастауыш қазақ мектебінің директоры

1991ж. №15 орта мектепте қазақ тілінде оқитын 1-сынып ашылып, 15 оқушы қабылданды. Бұл – ең бірінші қазақ сыныптары еді. Оның ең бірінші мұғалімі – Қуатова Айтаңсық Жабатаевна болды. Мектеп ашылған кезде «Бастауыш қазақ мектебі» деп аталды. 1992ж. №5 гиназияда 1 сынып, 14 оқушы, №6 орта мектепте 1 сынып, 12 оқушы, №15 орта мектепте 2 сынып, 31 оқушы қабылданып, қазақша сыныптар ашыла бастады. Мемлекеттік тілде білім беретін мектептің ілгері дамып, бала санының тдамуына зор үлес қосқан шебер ұйымдастырушы.



1995-1997 №16 қазақ негізгі мектебінің директоры

№16 бастауыш қазақ мектебіне 1995 жылы Шахтинск қалалық білім бөлімінде әдіскер болып қызмет атқарып жүрген маман директор болып келді. Сол кезде қазақ сыныптарына сабақ беретін мұғалімдерінің саны -15, оқушылардың саны бар-жоғы 289 болды. Жас мамандармен жұмысты дұрыс ұйымдастырып, өз ісінің шебер маманы болуы үшін бар күш-жігерін жұмсады.



1997-1999 №16 қазақ орта мектебінің директоры

Осы жылдар аралығында мектеп барлық мамандарымен толықтырылды. Мектепте оқушылардың саны да көбейіп, қаладағы қазақ тілінде білім алатын оқушылардың саны да едәуір артты. Жыл сайын мектептің ұстаздары жас мамандармен толығы түсті. 1999 жылы №16 қазақ орта мектебі құрылып, 22 сыныпта – 395 оқушы оқыды. Сабақ беру барысында педагогтардың әдіс-тәсіліне көп мән беріліп, оқушымен тығыз жұмыс істеуді дұрыс жолға қойды.



2000-2004 №16 қазақ орта мектебінің директоры

«Үш бірліктің», яғни ата-ана мен оқушы, мұғалім арасындағы байланысты дұрыс ұйымдастырып, оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарға белсене қатысуы мен шығармашылық дамуына зор үлес қосты. Оқушылардан құралған «Алуан шоу» атты таетрының ашылуына ұйытқы болды. Қазақ мектебі өз алдына жеке ғимаратқа көшті. Зәуреш Ермановна қызмет еткен жылдары оқушылар жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамып, жыл сайын дәстүрлі концерттер мен түрлі іс-шараларды қала көлемінде өткізіп, өнерімен қалаға таныла бастады.

2004-2010 №16 қазақ орта мектебінің директоры

Карibaев Айбек Шалгинбаевич қызмет еткен жылдары мектеп оқушылары жыл өткен сайын көбейіп әрі барлық пәннен білікті мамандармен толықтырылып, оқушылардың білім сапасы да арта түсті. ҰБТ-дан қала бойынша жоғары көрсеткіш көрсетіп, алғашқы Алтын белгі иегерін шығара бастады.

Есмаганбетов Арарат Мылтыкбаевич

2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицей директоры. Білікті әрі білімді басшы Арарат Мылтыкбаевичтің басшылығымен мектеп жыл өткен сайын қарқынды түрде дамып, тек білім сапасы ғана емес, барлық жағынан қаладағы алдыңғы қатардығы мектептің көшбасында тұрды. 2011ж.



№ 16 жалпы білім беру мектебіне ауыстырылып, 30сыныпта – 673 оқушы оқыды. 2011 жылдан бері мектеп лицей мәртебесіне қол жеткізіп, оқушыларға жаратылыстану-математикалық бағытта білім беріп келеді.

Қосымша 3

Ардагер-ұстаздар

Смагулова Рысбала Жарқымбекқызы жоғарғы санатты тарих пәнінің мұғалімі, 1976 жылдан 2013 жылға дейін мектепте тарих пәнінен сабақ берді. Шахтинск №16 қазақ мектебінде 1995 жылдан бастып 2013 жылға дейін қызмет істеді. Негізгі мақсаты оқушыларға өз еліміздің тарихын меңгертіп, саналы, білімді Азамат болып шығуларына бар күшін салу. Оқушыларға, жас мамандарға арналған " Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында" атты кітабы шықты, «Қазақстан тарихы» журналына Сарыарқа жерінде орналасқан еңбекпен тузеу лагері- К арЛаг туралы мақалалары шықты. Еңбегі жоғары бағалап, " Надежда Казахстана" кітабына енгізілді.



Уманова Алтыnguл Мектепбаевна жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі. 1970 жылдан 2017 жылға дейін мектепте қызмет атқарды. Шахтинск №16 мектебінде 1996 жылдан бастап жұмыс істеген. 1992 жылы Қазақстан Республикасының «Оқу үздігі» марапатымен, 2011 жылы «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» төсбелгісімен марапатталған. Қарағанды облысы бойынша Айтыскер оқушыларды тәрбиелеп, шәкірттері Республикалық айтыстан лауреат атанды. Қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша Сапа көрсеткіші 97-98 сапалық көрсеткіш көрсеткен. Оқушыларды айтыс өнеріне, шешендік сөзге тәрбиелеу жолында Алтыnguл мұғалімнің еңбегі зор.

Алғашқы ашылған қазақ мектебінің ұстаздары



